



АҚМЕШІТ ЖАСТАРАҒЫ

Қызылорда облыстық жастар газеті



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

30 ТАМЫЗ – ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІ

Феруза Закирова:

«Ант беріп, иығыңа таққан шен – халықтың аманаты»

– Ең алдымен, заң органының қызметкері ретінде мерекеніңбен құттықтаймыз. Сіз бұл салаға қалай келдіңіз? Бала күніңізден армандаған мамандығыңыз ба еді?

– Рақмет, сіздерді де Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын! Жылдан-жылға біздің басты құндылықтарымыз – тәуелсіздігіміз, келісім мен бірлігіміз нығая берсін! Әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін! Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

Мектептегі сәттерде құқық қорғау органында жұмыс атқарсам деген арман болған. Жоғары оқу орнына түсіп, білім алу барысында прокурор боламын деп алдыма мақсат қойдым. Жоғары білім алып жүргенде прокуратура органдарында жұмыс істеп, қоғамға шынайы көмегімді тигізе алатынымды түсіндім. Ал 2018 жылы Шиелі аудандық прокуратурасының көмекші прокуроры қызметіне тағайындалып, саладағы алғашқы еңбек жолымды бастадым. Бүгінде Қызылорда қалалық прокуратурасының бөлім аға прокуроры қызметін атқарып келемін.

– Жұмысыңызды мақтан ететініңіз байқалып тұр. Бірақ сонда да осы мамандық иесі екеніңізді ойға алып, кеудеңізде сондай бір ғажап сезім болатын сәттер бола ма?

– Әрине, ондай сәттер болып тұрады. Бес жылдан бері лауазымдық міндеттеме сәйкес азаматтық, әкімшілік, аса ауыр санатындағы қылмыстық істерге қытысып, уәкілетті органдармен заңдылықтың сақталуына біршама тексеру және талдау жүргізіп, қадағалау әктісі негізінде көмелетке толмағандардың, мүгедек тұлғалардың құқықтарының қорғалуына қол жеткізіп, мемлекет бюджетіне қаржы өндіріліп, заң бұзушылықтарға жоқ берген тұлғалар тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Ерекше қуаныш сыйлайтын сәттердің бірі – қызмет атқару барысында азаматтардың құқықтарының қорғалуына қол жеткізіп, ол азаматтардың прокуратура органына алғысын білдіргенін, сондай-ақ біз сияқты жас мамандарға сенімділікпен қараған сәті деп ойлаймын.

– Әр мамандықтың өз ерекшелігі бар ғой. Ал прокурор қандай болу керек?

– Прокуратура адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз етеді, заңның орындалуын бақылайды, құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіреді. Прокурор елге адал қызмет ететін, еңбекқор, парасатты және өр мінезді қажет етеді. Ант беріп, иығыңа шенді таққаннан кейін тек мемлекетке қызмет етсем деген алға мақсат қоямын. Елдің сенімі – халықтың аманаты. Сонымен қатар, прокурор болып қызмет атқару кәсіби дайындықпен бірге мінсіз моральдық қасиеттерді талап етеді. Заңдылықтың сақталуын қадағалау – басты орнында.

– Өмір болған соң көп жағдай болады. Кейде «заңдық тұрғыдан өзіңіздікі дұрыс, адамдық тұрғыдан онікі дұрыс»

деген жағдайлар бола ма?! Әрине, Ата Заңның орындалуына барынша атсалысатын орган өкілісіздер, кейде көз жұма қарайтын сәттер бола ма?

– Әрине, жұмыста мен әртүрлі өмірлік жағдайларға тап боламын. Адам тағдырын өзі шешеді, менің прокурор ретінде міндетім – құқық бұзушылықтарды жою, алдын алу және заңдылықты қамтамасыз ету. Менің ойымша, прокуратура қызметкерінің кәсібилігі, ең алдымен, оның шешім қабылдаудағы тәзімділігі мен әділдігіне байланысты. Қандай жағдай болмасын эмоцияға берілмей, тек заң аясында шешім қабылдаймын.

– Заң үстемдігінің орындалуына атсалысып, бұрыс шығарылған үкімдердің күшін жойып, қарапайым



«Ата Заңым – айбарым, Желбіре көк байрағым», – дегендей, туған елдің айбынын асырып, мерейін тасытар 30 тамыз – ҚР Конституция күні – елдігіміздің, өзгелермен теңдігіміздің белгісі. Осы ретте өңірдегі заң үстемдігін қамтамасыз етіп жүрген құқық қорғау органдары қызметкерлерінің бірі, жас маман Закирова Феруза Рамильқызымен сұқбаттасудың сәті түсті. Мамандығын мақтаныш етіп, әділеттің ақ туын көтеріп жүрген ол – 1-сыныпты заңгер.

азаматтың мүддесін қорғаған сәтіңіз болса, айта отырсаңыз...

– Жоғарыда атап өткендей, қызмет барысында заңсыз қыбылдаған сот және уәкілетті органдарының шешімдеріне біршама қадағалау әктісі енгізілді. Мысалы 2022-2023 жылдар аралығында 3000-ға жуық көмелетке толмағандардың, 278 кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарының қорғалуына прокурорлық қадағалау әктісі негізінде қол жеткіздім. Сонымен қатар, осы атқарған жұмысым негізінде «2022 жылдың Үздік прокуроры» сайысында жеңіске жеттім.

– Сұқбатыңызға рақмет.

Әңгімелескен

Дәулет ҚЫРДАН.

Суретке түсірген

Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Отбасы – қасиетті һәм киелі ұғым. Сондықтан шайқалмаған шаңырақ пен ойрандалмаған ошақ берік отбасының біртұтас бірлігін білдіреді. Татулық ыстық ұядан табылса қандай бақыт! Алауыздыққа емес, ынтымаққа иық тіреген жандардың берекеті қашпай, бақ-берекесі артатыны да ақиқат. Өнегелікті өмірдің өзегіне айналдырып, саналы ұрпақ тәрбиелеудегі үлкен кісілердің рөлі айрықша. Бүгінде ұлылықтың жолынан жаңылмай, ізгіліктің ізінде келе жатқан жарасымды жанұялар жетерлік. Оған «Мерейлі отбасы» байқауы анық дәлел.



Мерейлі отбасы: Смағұловтарға бас жүлде бұйырды

Қашан да құндылықтың құны жоғары болатыны сөзсіз. Олай болса, отбасының қоғамдағы орнын айшықтауда бұл байқаудың маңызы зор. Байқауда қатысушы отбасылар кезеңнің кедергісінен кідірмей, жүлделі болу жолында жігерлілік танытты. Байқауға қатысуға өңірден 304 отбасы өтінім білдіріп, облыстық кезеңге 16 отбасы іріктелген. Даналық дараланатын, сыйластық сараланатын, жетістік таразыланатын тұста асықтың алшысынан тусуі абырой.

Иә, бірнеше әулеттің басын қосқан байқау да өз мәресіне жетті. Ұлттық байқаудың облыстық жеңімпаздарын марапаттау салтанаты «Достық үйінде» өткізілді. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жеңімпаздарды құттықтап, елімізде түп-тамырын ұлттық құндылықтардан алатын отбасы институтының орны ерекше екенін айтты.

– Әуелден отбасы құндылығына аса мән берген қазақ үшін Отан, шаңырақ – ең киелі, құдіретті ұғым. Ал отбасы – мемлекеттің іргетасы. Оның берік әрі нық болуы – елдің дамуы мен келешегінің өлшемі. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Халқымыз қай заманда отбасы дәстүрін берік ұстанып, қадірлей білген. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» – біздің қанымызға сіңген қасиет. Әрбір азаматтың адамгершілік болмысының қалыптасуына отбасындағы ахуал айрықша әсер етеді. Сондықтан мемлекет әр шаңырақтың әл-ауқатын арттырып, әр азаматтың өсіп-көгендеуі үшін барлық жағдайды жасайды, – деген болатын. Бүгінде отбасыларға қамқорлық пен көмек үздіксіз көрсетіліп келеді. Ана мен баланы қорғауға арналған қаржы, көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар көлемі жыл сайын өсуде. Қазір облыста 17 мыңға жуық «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иегерлері, 34 мыңға жуық көпбалалы отбасы бар. Ай сайын 2 млрд 484 млн теңге мемлекеттік жәрдемақы төленуде», – деді аймақ басшысы.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының облыстық іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша шиелілік Асановтар мен қармақшылық Көбеевтер жүлделі III орынды, Қазалы ауданынан қатысқан Белебаевтар әулеті II орынды иеленді. Сырдария ауданының Үмбеттаевтар отбасы I орын иемденсе, қазалылық Смағұловтар отбасы бас жүлдеге лайық деп танылды.

Облыс әкімі жеңімпаз атанған отбасыларға бағалы сыйлықтар мен арнайы дипломдар табыстады. Сонымен қатар бас жүлдеге ие болған отбасының құжаттары республикалық кезеңге жолданбақ.

Нәзік АХМЕТ

«Мен мектепке барамын»

Қыркүйек айы – мектеп табалдырығын аттап, жаңа оқу жылына қадам басатын кезең. Әсіресе, алғаш мектепке баратын бүлдіршіндер үшін бұл сәт қуаныш пен мен таңданыс сыйлайтын уақыт екені сөзсіз. Биыл Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің 1-сыныбына қабылданатын кішкентай Асылдай да толқыныс үстінде. Себебі, алда жаңа белес – оқу жылы.

Асылдай Мұзарашпа – отбасының тұңғышы. Сондықтан ата-анасы Нұржан мен Гүлсім үшін 1-қыркүйекке дайындық қызу жүруде. Баланы талапқа сай киіндіру, қажетті оқу құралын қамтамасыз ету, психологиялық қолдау жүргізу қаперге алынған. Асылдай да мектепке баруды асыға күтіп, күн санап әлек.

– Отбасымызда үш қыз бар. Асылдай – тұңғыш перзентіміз. Ата-ана ретінде жауапкершілікті сезініп, лайықты білім алуы үшін мектеп таңдауды бастадық. Ақылдасу нәтижесінде Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейіне оқуға беру туралы шешім шығардық. Себебі, бұл білім беру ұйымы үздіктер қатарында Бұдан бөлек, біз – жас отбасымыз. Баланың мектебі ата-ананың жұмысына жақын болғанын қалаймыз. Сондықтан, осы мектепке тоқталдық, – дейді әкесі Нұржан.

Асылдай бұған дейін Ақсуат ауылдық округі, Наурыз саяжайында орналасқан «Сыр самалы» бөбекжай-бақшасына барған. Балабақша қабырғасында жүргенде қалалық, облыстық байқауларда бақ сынаған. Мысалы, дәстүрлі «Бал бала» жас өнерпаздар байқауының облыстық кезеңінде өнер көрсетіп, үшінші орынды иеленген. Бұдан бөлек, «Үркер» IQ орталығы, «Bilim Qazaqstan» республикалық білім орталығы ұйымдастырған баланың ойлау қабілетін, логикасын дамытып, шығармашылығын шыңдауға бағытталған бірқатар республикалық байқауды жеңімпазы атанды. Балабақша тәрбиешілері мен ата-анасы бүлдіршіннің өн, биге икемі барын байқаған екен.

Айта кетерлігі, Асылдайдың анасы Гүлсім Нұрланқызы мен әкесі Нұржан Музарашин БАҚ саласында еңбек етіп, кейін



шаңырақ көтерген. Анасы – журналист, әкесі – телеоператор. Қазақы болмысқа жақын отбасы баланың қазақ сыныбында оқуына ерекше мән берген екен.


– Қазақ сыныбына беру – өте өзекті тақырып. Мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі, үйде қазақша сөйлесеміз. Сәйкесінше, бала да қазақ тілінде білім алу керек. Бастауыш сыныпта алған білім фундаменті жоғары сыныптарға да азық болары анық. Сондықтан, ата-ана ең алдымен осы бастауыш сыныпта бар күшті салып, баланың біліміне, оқу үлгеріміне көңіл бөлу керек, – дейді анасы Гүлсім.

Ерсін ШАМШАДИН



АЭС БІЗГЕ КЕРЕК ПЕ?

Соңғы жылдары ел энергиямен жабдықтау жүйесінде тұрақты үзілістерге тап болды. Өткен жылы оңтүстікте электр қуаты кең көлемде сөнгеннен кейін Президент Қазақстанға атом электр энергиясы қажет екенін айтты. Сонымен қатар саладағы басты мәселелер ашық көрсетілуге тиістігін алға тартып, 2029 жылға дейін іске асырылатын негізгі жобалар қамтылуы қажеттігін тапсырған болатын. Себебі онсыз экономика мен инвестицияларды жоғалту қаупі бар. Оған қоса Республикада электр желілерінің үштен екісі тозғаны белгілі болды. Бұл ретте электр энергиясының өткір тапшылығы таяу болашақта Қазақстанға ғана емес, Орталық Азияның басқа да елдеріне де әсер етеді. Ендеше, елімізде «жасыл» энергияның көзі болып саналатын, осы мәселенің шешімі деп табылған АЭС салуды ел құптап отыр ма? Сарапшылар пікірін тарқатсақ.



Жалғасы. Басы 1-бетте

Жақып Хайрушев, сарапшы, энергетик:

— Өлем қазір «жасыл» экономикаға көшіп жатыр, бүгінгі сөзбен айтқанда бұл тренд. Бізде электр энергиясы көмір саласына шамамен 70%-ға тікелей байланысты. Сол себепті көмірге негізделген базалық электр станциясын салуға болады, бірақ ол кезде көптеген экологиялық шараларға тағы қыруар ақша бөлуге тура келеді. Сонда қалғаны тек атом электр станциясы. Қазақстанда бейбіт мақсаттағы АЭС салу үшін барлық мүмкіндіктер жасалған, мысалы уран өзімізден, әзірге өз мамандар да бар. Олардың біразы Ақтауда болса, енді бірі Курчатов пен Алматы қаласында. Сосын қазақстандықтар арасында кезінде еліміз ядролық сынақ алаңы болғандықтан, радиофобия қалыптасқан. Бірақ сол кездегі әскери атом мен бейбіт атомның айырмашылығы жер мен көктей екенін түсіну керек. Мұндай бейбіт мақсаттағы атом қазірдің өзінде Финляндия, Түркия, Венгрия да бар. Міне бұл елдердің барлығы қандай дамыған мемлекеттер болса да, атом энергиясын пайдалануға жол беріп отыр. Сосын біз көміртеккі бейтараптық туралы келісімге қол қойғанбыз. Оған сәйкес, Қазақстанда 2060 жылға қарай толығымен 100 пайыздық көміртеккі бейтарап болуы тиіс.

Ришад Асқарбекұлы, журналист:

— Біздің елде барлық мәселе сөз жүзінде әдемі ғой. Сосын қағаз бетінде көрсетілетін мәліметтер мен сандардан аса алмай жатады. Іс жүзінде не істеліп жатыр деген сұраққа келгенде тосылып қаламыз. Соңғы он жылда Қазақстан аумағында АЭС салу мәселесі қайта-қайта көтеріледі. Бір кездері науқаншылдыққа салынып, қатты талқыланып кетеді, ел іші дүрлігіп, бәрі сарапшы боп шыға келеді. Сосын қайтадан ұмытып кетеміз. АЭС бізге сөзсіз керек. Енді осы ЖЭС, ГЭС-ке (оның көбі Кеңес заманынан қалған) күніміз қарап отыра берсек, 2035 жылдан кейін май шамның түбінде отырып, балаңызға сабақ оқытуыңыз мүмкін. Электр энергиясының тапшылығы қатты сезіле бастайды. Алдағы жылдары біз Ресейден 1000-2000 Мегаватт сатып алатын боламыз. Тапшылық 2030 жылға таман 2000-2700 Мегаваттқа жетуі мүмкін. Өрі құрылғылар да тозған, апат жиі бола береді. Мамандар көмірмен жұмыс істейтін жаңа станция салу қиынға соғады. Өйткені Глазгодағы климат саммитінен кейін көмірден энергия және жыу алатын бағыттарға ешкім

АЭС

БІЗГЕ КЕРЕК ПЕ?

несие бермейді. Ал газ қымбаттап жатыр. Қазақстан да парниктік газдар шығарылымын төмендету бойынша міндеттемелерге қол қойған.

Қателеспесек, Қазақстанда атом электр станциясын салу мәселесін Президент ақпанда үкіметтің кеңейтілген отырысында айтты. Қалай десек те, Қазақстанда Атом электр станциясы салынатыны айдан анық. Мұны салаға жауапты мамандар ашық айта бастады. Жекелеген сарапшылар да Қазақстандағы АЭС құрлысының экономикалық негіздемелері мен қауіпсіздігі туралы мәселелерді талқылап жатыр. Осы жобаман айналысатын «Қазақстан атом электр станциялары» деп аталатын компания да қарап отырған жоқ. Мамандар дайындық үстінде. Шет мемлекеттерге шығып тәжірибелермен танысып жатыр. Осы жазда бір топ сарапшылар мен журналистер Түркияда «Росатом» салып жатқан «Аккую» атом электр станциясының құрлысын көріп, өлемдегі 4 реакторлы ең ірі АЭС-тің жобасымен танысып қайтқан болатын.

Жақында «Қазақстан атом электр станциялары» компанияның басшысы Тимур Жанткин мырзамен сұқбаттасқанмын. Сөзінен ұққаным, АЭС салынады. Бұл жобаға шамамен 6-12 млрд АҚШ доллары көлемінде қаражат жұмсалады. Бұл қаржы АЭС-тің 2 блогын салуға жетеді. Ол жылына 1000-1200 Мегаватт энергия өндіруі керек деген болатын.

Бірақ қазақ жерінде біз үшін бұл маңызды жобаны кім салып береді деген мәселеге нақты жауап жоқ. Бірақ жақын уақытта ол белгілі болады. Негізі ресейліктерден тыс АҚШ компаниялары саламыз деп ынта білдерген. Осы күндері 4 ірі компания Қазақстанда АЭС салуға өтініш беріпті. Бұған дейін айтылғандай, станцияның салынатын орны — Балқаш көлі маңындағы Үлкен ауылы. Егер бәрі ойдағыдай болса, құрылыс батсалса, тұңғыш атом электр станциясы 2035 жылы қолданысқа беріледі. Біз бүгінгімізді ғана ойлап, түрлі фобиялардың жетегіне ермеуіміз керек. Себебі еліміздің келешегіне қатысты мәселе шешілгелі тұр.

Ымсынай Инаятова, қала тұрғыны:

— Чернобыльдің зарын тартып жүрмейік. 80-жылдардың орта шенінде Чернобыльде АЭС жарылып қаншама адам зардап шекті. СССР де ешбір апаттың зардабы ашық айтылмайтын. Құпия сақтайтын. Сонда Қазақстаннан, Өзбекстан сияқты мемлекеттерден көмекке көптеген адамдарды апарып, арнайы киімсіз, сақтандырусыз жауып жіберді. Сол адамдар белгісіз аурулармен қайтыс бола бастады. Атомның зардабы сүйектен өтіп, жіліншіктегі майға есер етеді екен. Барған адамдардың бәрі жылдар өте жазылмайтын дертке шалдығып, өмірден өтті. Айтайын дегенім, электр станциясына иелік ете алмай отырған мемлекет АЭС ті дөңгелетіп әкетеді дегенге сену қиын.

Сергей Кислицын, Ядролық физика институтының қызметкері:

— Қазақстандықтарда Семей полигонынан кейін радиофобия қалыптасқан. Әрине, бұл қауіпті нәрсе екені бұрыннан белгілі. Қазір бәрі дамыған, ресейлік жаңа атом электр станцияларында адамның араласуын қажет етпейтін пассивті қорғаныс жүйелері орнатылған.

Бұл адам станцияның жұмысына мүлдем қатыспай, авариядан қорғаудың автоматты жүйелерін жасауға бағытталған.

Қазір АЭС

қауіп туралы жиі айтылады, бірақ ол айтарлықтай қауіпті деп ойламаймын.

Бір ғана мысал келтірейін. АҚШ-та Чернобыль апатынан кейін атом станцияларын салу тоқтатылды. Калифорнияның ең дамыған штаттарының бірінде электр қуатының жетіспеушілігі байқала бастады, бірақ олар атом энергетикасын дамытқысы келмеді. Осы мемлекеттің халқы арасында референдум өткізіп: «сіз қайсын таңдайсыз — электрді өшіру немесе АЭС салу» деп сұрады. Адамдар нені таңдады деп ойлайсыз? Егер Қазақстанда дәл солай жасаса, нәтиже де сондай болатынына сенімдімін. Мен құрылыстың әрбір кезеңі қатаң бақыланып, тексеріліп салынуын қолдаймын.

Тағы бір ескертін мәселе, АЭС-те жұмыс істеу үшін әртүрлі маман қажет, әрқайсының атқаратын қызметі болады. Бізге электрші, механик, дозиметрист секілді мамандардың бірлесе жұмыс істегені қажет. Себебі нысан радиациялық қауіпті аймақ саналады, сондықтан ол жерде радиоэкология мамандары, адамдарға радиациялық әсер етпейтін бағалайтын мамандар болу керек. АЭС-ті бақылап қана емес, оны басқарып, онымен жұмыс істей алатын мамандар бар. АЭС үшін мамандарды даярлау оңай жұмыс емес, бұл жерде университетті немесе басқа оқу орнын бітіру жеткіліксіз. Қазақстанда жұмыс істеуге барлық мүмкіндік бар, алайда бізде бастапқы білім беретін жер жоқ.

Диас Нұрақын, журналист:

— Жақында Балқаш көлінің жағасында АЭС салу жоспары бойынша жария тыңдалым өтті. Оған әкімдік өкілдері, физик-ядорщик мамандар, депутаттар мен ауыл халқы қатысты. Сондай-ақ қоғам белсенділері мен тәуелсіз экологтар да алыстан ат терлетіп келіпті. Әзірге жиында қырық кісі бір жақ, қырық кісі бір жақ болып бөлініп алып, бір-біріне дес бермей сөзбен салғыласуда. Үлкен ауылының халқы АЭС салуды 99,9% қолдаймыз деп ұрандатуда. Себебі алып құрылыс басталса қаңыраған ауылға жан бітіп, тұралаған тіршілік түзелер еді дейді.

Өйткені құрылыс кезінде 8 мың жұмыс орны ашылып, АЭС салынғасын екі мың адам тұрақты жұмыспен қамтылады екен. Оның тек 20-30% физиканың тілін білетін білікті мамандар болса, қалғаны электрик, сантехник, күзетші, монтер, инженер, еден жуушы, шопыр сияқты қарапайым адамдардың қолынан келетін кәсіп болмақ. Алайда, жиынға арнайы келген екінші топ ғасыр құрылысына қарсы шығуда. Экобелсенділер Фукусима мен Чернобыльдің кебін киеміз деп кейіп отыр. Сондықтан ауыздығы сөз бермей «қарсымыз» деген құрғақ ұранмен залдың ішін азан-қазан қылуда.

Үлкен ауылы — АЭС салуға ең қолайлы жер. Балқаштың түбінде орналасқан. Кезінде ГЭС салынады деген жоспармен барлық инфрақұрылым тартылып, көпқабатты үйлер тұрғызылған. Бірақ сол ғимараттар қаңырап бос тұр. Егер АЭС салынса сол үйлерге жөндеу жасап, еліміздің әр түпкірінен келетін жұмысшыларды орналастыруға болады. Теміржол да тиіп тұр. Енді тек халықтың келісімін алып, сосын Франция, Оңтүстік Корея, Қытай мен Ресейдің біреуін таңдасақ, он жылдан кейін ураннан алынған энергиямен сотқа зарядтап, Zeekg көлімізді қуаттаймыз.

Нұрлан Жұмахан, фейсбук желісіндегі «Жаңа Қазақстан» тобының модераторы:

— Елдің келешегін ойлайтын адамдар елімізде АЭС салуды құптады. Ал қарсы шығушылардың көпшілігі бұдан саяси ұпай жинап, жоқ жерден дау туғызып, шу шығаруға құмар. Бұған күні кеше ғана Жамбыл ауданы, Үлкен ауылында өткен жария талқылау

кезінде көзіміз тағы да жетті. Қазір Үлкен ауылында 1500-ден астам тұрғыны бар екен. Олардың көпшілігі өзге қалаларға барып, жұмыс істеп, отбасын асырап отырғандарын алға тартты. Егер ауыл іргесінде АЭС салынса жұмыспен қамтылып, халықтың әлеуметтік жағдайы жақсаратыны белгілі.

Білікті маман Саябек Сахиевпен тілдескенімізде ол Үлкен ауылында АЭС салынғаннан кейін оның айналасында электр қуатымен жұмыс істейтін өндіріс орындары да ашылатынын алға тартты. Мұндай жағдайда Үлкен ауылының айналасындағы иен далада түрлі өндіріс орындары пайдалады. Жария тыңдауда Үлкен ауылының тұрғындары экологиялық қауіпсіздік мәселесіне де алаңдайтынын айтып, көкейде жүрген ойларын айтты. Өз кезегінде «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС бас директоры Тимур Жәнтікин Балқаш жағасында салынатын алғаш АЭС-тің заман талабына сайынатынын, бұл бағыттағы АЭС-тердің қаншалықты қауіпсіз екенін жіліктеп түсіндіріп берді.


Жарас Асқарбек, белсенді:

— 2021 жылы Қазақстан халқы 10 млн тоннадай көмір тұтынған. Биыл да Қазақстан пештерінде сол шамалас көмір жанады. Бұған энергия өндіретін ірі кәсіпорындарды қосыңыз. Олар жыл сайын 30-40 млн тонна көмір жағады. Ол зиянды қалдық болып ауаға кетеді. Аз ба, көп пе? Экологтардың дабыл қағатындайы бар ғой.

Қайтпек керек? Біраз уақыттан бері АЭС тақырыбы қозғалуда. Атом электр станциялары туралы сөз болса, қоғам мүшелерінің көбінде теріс көзқарас пен жағымсыз пікір көп. Олар Чернобыль апаты мен Фукусимадағы жарылысты көз алдына елестететін шығар. Жалпы АЭС апаты миллионда бір орын алу ықтималдығы бар екенін ғалымдар да мойындайды. Алайда ғылым мен технология күн сайын дамып жатқанын да ескеру керек.


«Жасыл» энергия деген термин жиі айтылып жүр ғой. Сол АЭС-терді Еуроодақ «жасыл» энергия деп таныды. 2050 жылға дейін соған толық көшу туралы да уағдаласқан. Осылайша Еуропа елдері мұнай мен көмірден толық бас тартып, ауаға көміртегі газын бөледі доғарамыз деп отыр. ЕО өзге елдері, Еуропарламент жыл соңына дейін қарсылық білдірмесе, іске кіріседі. АЭС-ке қатысты бір талап — ол ядролық, экологиялық қауіпсіздікке толық сай болу керек. Енді Қазақстанға келсек. Біздің елде Алматы облысында, Балқаш жағасында АЭС салу ісі басталды. Құрылысы 2035 жылы аяқталады деп жоспарланған. Энергетикадан хабары бар, сол саланы жетік білер мамандардың барлығы Қазақстанға АЭС керек, ол жалғыз емес, бірнешеу болу керек деп санайды. Жұырда тағы бір ақпарат шықты. Қазақстандағы АЭС-ті халықаралық консорциум салады екен. Демек, нысан салынған соң Қазақстанға мердігер тарапынан ядролық шантаж болмайды. Құрылыс барысында АЭС салудағы ең озық тәжірибелер ескерілуі тиіс.

Басты мақсат — қауіпсіздік. Елдегі алғашқы ірі АЭС-тің халыққа да, қоршаған ортаға да барынша зиянсыз болуын Қазақстан білігі қатаң бақылайды деп сенеміз. Мысалы, АЭС корпусы ұшақ құлау, жер сілкінісі сияқты қауіптерге төтеп беру керек.



P.S. Жақында «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС бас директоры Тимур Жанткин қауіпсіздік мәселесіне қатысты сұрақтарға жауап берді. Айтуынша, атом станцияларында ұзақ уақыт бойы ерекше зағал бола қойды деп айту қиын. Оған Фукусима мысалын келтірген. Чернобыльде ашық реактор болды. Ал үшінші буын заманауи станцияларында ыдырау өнімдерінің сыртқа шығуына мүмкіндік бермейтін құрбы бар. Егер реактор еріп, жарылып немесе тағы басқа жағдай болса, бәрі сол құмбездің астында қалады. Чернобыльдегідей радиоактивті қалдықтар ауаға тарамайды деген байлам келтіріледі. Бұған қоса энергия қауіпсіздігін сақтаймыз десек, өзіміздің АЭС болуы керек екен. Себебі, 3+ буындағы реакторлардың жобалық мерзімі 60 жыл десе де, 80-100 жылға дейін жұмыс істейді. Яғни, жүз жыл бойы қауіпсіз энергия көзін тұтынуға мүмкіндік болады. Қалай десек, пікір қақ жарылған. Бірақ сарапшы мамандардың болашақты АЭС-пен байланыстырып отырғанын байқаймыз...

A. СНАДИН



Әсет Сұлтанғалиев:

«БІРЕУ ҚУАҢЫП КЕЛЕДІ, БІРЕУ МҰҢАЙЫП КЕЛЕДІ,

ал біздің міндет – оларға сапалы қызмет көрсету»



Қала іргесіндегі мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығынан кісі аяғы арылған емес. Қай уақытта барсаңыз да, ығы-жығы, ине шаншар орын жоқ. Бірі талай жыл сенімді серігі, досы болған темір тұлпарын қимай сатып жатса, енді бірі сатып алып жатыр. Үзілмейтін процесс. Міне, осы қалың халыққа сапалы қызмет көрсетуді алдыңғы мақсат етіп алған қызметкерлердің бірі – Әсет Сұлтанғалиев. Бүгінде ол аталған орталықта маман болып жұмыс істейді.

– Мұнда түрлі адамдар келеді. Бірі қуанып келсе, енді бірі мұңайып келеді. Ал біз олардың барлығына бірдей сапалы қызмет көрсетуіміз керек. Мен құжат қабылдау қызметіндемін. Адам басында түрлі жағдай болады ғой, кейде 10-20 жыл бұрын сатып жіберген көлігін атынан шығарудың жолын іздеп келеді. Ал бірде көлігі іздеуге, тыйымға ілігіп қалып, шарасыз күйде келетіндер бар. Көпшіліктің көңілін табу қаншалықты қиын болса да, олардың мәселесінің шешілуіне, құжаттарының дұрыс жасақталуына бар күшімізді саламыз, – дейді Әсет Ғалымжанұлы.

Мұнда Әсет тәрізді жас мамандар жетерлік. Тиянақтылықты, мұқият болуды қажет ететін саланың бел ортасында, еңбектің қайнаған қазанында пісіп жүр. Әсет Қармақшы ауданының орталығы – Жосалы кентіндегі №250 орта мектебінің түлегі. Жезқазған гуманитарлық колледжінде,

университетінде білім алды. Ал 2021 жылдан бастап «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалында еңбек етіп келеді.

– «Таңертең жұмысқа, кешке үйге асыққан бақыт» дегенді естігенмін. Өзірге



отбасылы емеспін, бірақ жұмысқа асығатындардың қатарынанмын. Мен осы жерге жұмысқа орналасқалы бері көп нәрсе үйрендім. Адамдармен араласа білу – осы ортадағы ең басты қажет қасиет. Жұмысымыз да сол – Арал мен Жаңақорған арасындағы азаматтардың қажеттілігіне жарап, оларға қызмет ету. Ата-анамыздан үйренген адамдық асыл қасиеттің төресі – кішіпейіл болуды жанымға серік еткенмін. Менің мақсатым – ата-анамға ұят келтірмей, азаматтық болмысыммен туған елге қызмет ету, – дейді Әсет.

Иә, елге қызмет ету дегеніңіз «Мен – патриотпын!» деп ұрандатып, айғайлау емес және ол үшін міндетті түрде жауынгер болуды қажеті жоқ. Әркім өз саласы бойынша ел дамуына атсалысып, қоғамда белсенділігін көрсете алады. Тәуелсіз Қазақстанның азаматы ретінде сөзбен емес, іспен өзінің мықтылығын дәлелдеуді ойлаған Әсетке біз де сәттілік тілейміз!

Дәулет ҚЫРДАН,
Суретке түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

«Электромобильге сұраныс артатын күн жақын»

Көлік дегенде көбісі бензинге қатысты базынасын айтуы мүмкін. Өйткені бағаның күрт өсуі кім-кімге де оңай тимейді. Шығынын айтып шағымданатындар көп. Ал қолынан іс келетін өнертапқыштар тоқпен жүретін көлік жасап, көңілге қуаныш ұялатты.

Иә, шетелден өнім шықса шуласып, жаһанның жаңалығына ауыз ашып таңқаламыз. «Қолыңнан келсе, қонышыңнан бас» демекші, елімізде де жаңаға құмар жастар көлік құрастыруда кенде емес. Оған кейіпкеріміз Нұрсұлтан Сейсембаев дәлел. Шымкент тұрғыны қарапайым көлікті тоқпен жүретін электромобильге айналдырды. Өнертапқыштың коллекциясында 7-ші көлік құрастырылған. Жанармай емес, ток көзін тұтынатын автокөлікті күніне бір мезгіл, шамамен 6-7 сағат қуаттайды.

Шеберлігімен «Илон Маск» атанған Нұрсұлтан шетелдерде танымал болған электромобильді командасындағы 40-қа жуық адаммен жасап шығарды.

– Біз бұл көлікке 2 күнде конвертация жасағанбыз. Себебі бұл көлік күнделікті жүруге арналмаған. Біз бұны өзімізге тексеруге арнап

Бұрын бірнеше шақырымды артқа тастап, жүкті жинап жылқыға мініп, керуен болып көшу керек болатын. Жол жүру үшін жолай кездесетін қиындықтар да еңсеру керек. Ал қазір технология қарышты дамыған заманда көліктің түр-түрі нарыққа шығуда. Өлбетте теміртұлпар тізгіндеген жүргізушінің де тәртібі мен ескеру керек ережесі бар. Тек арып-ашып жететін жолды қысқартып, адамға жайлылық беретіні жасырын емес.

Сонымен Нұрсұлтан 1 жыл уақыт ішінде 7 көлік жасап шығарған. Ал мұнда көліктің бір ғана емес, экономнан бастап, люкс-комфорт түрлеріне дейін бар. Дегенмен, мұндай көлікке қажетті құрал-сайманның 95 пайызы Қазақстаннан табылмайтын көрінеді.

Қарапайым автокөлікті электромобильге айналдыру үшін қажет уақыт көлемі әртүрлі. Ол ең алдымен құрал-саймандарының табылуына байланысты. Мәселен Форд автокөлігі 1 жылға жуық уақытта дайындалып шықса, ал кейбір көлік тұрпатына қарай тек 2 күннің ішінде құрастырылып шыққан.

Мамандығы бойынша инженер-механик жігіт Англияда 6 жыл білім алып келген. Өнертапқыш алғашында аздап қорқыныш пен қобалжу болғанмен тәуекелге бел буғанын тілге тиек етті. Өлбетте кез келген істі



бастамас бұрын көңіл алаң, қол қорқау болады. Сондықтан шыншыл шешім қабылдап, кедергіге кіріп қалмау өз нәтижесін береді. Кейіпкеріміз де мақсатына тәуекелмен жеткен азамат.

– Біз үнемі осы автоиндустрия саласындағы жаңалықтар іздейміз, қараймыз. Біз бір-екі жыл бұрын көрген едік. Өрине, ойлайсың, санайсың. Бірақ, біздің идеямыз, мақсатымыз мықты болады. Қазақта «көз қорқақ, қол батыр» дейді ғой, сол себепті көп ойланған жоқпыз, идея бар оны істеуге болады дедік те бастап кеттік.

Электромобильді бір рет қуаттағанда шамамен 200-300 шақырым жүруге болады. Ал көлікке орнатылатын мотор бағасы да әртүрлі көрінеді. Яғни моторды ауыстыру бағасының ең арзаны 4,5 млн теңгеден басталады. Дегенмен, өнертапқыштар мұны құрал-сайманның елде жоқтығымен байланыстырады.

Нұрсұлтанның сөзінше, бұл көлік түрін шығару алдағы 5-10 жылда жақсы дамиды. Себебі, әлемдегі белді автокөлік брендтері толықтай электромоторға ауысып жатыр. Сондықтан қазақстандық азаматтар да артық шығындалмай, тоқпен жүретін көлікті тиімді пайдаланса дейді. Сондай-ақ, мемлекеттен қолдау болса өндірісті өрге домалатуға болады.

Нәзік АХМЕТ

Қазақстандықтар қандай көлікті таңдайды?

Биылғы жылдың алғашқы бес айының қорытындысы әлемдік автоөнеркәсіп қалпына келгенін байқауға болады.

Мәселен, 2023 жылғы қаңтар-мамырда бүкіл әлемде 34,8 млн жаңа автокөлік сатылған. Ол 2022 жылғы қаңтар-мамырға қарағанда 10,5%-ға артық. Әлемде сатылған әрбір үшінші жаңа көлік Қытайға тиесілі (өсім бір жылда 10,5%). Одан кейін АҚШ (6,3 миллион автомобиль) және Батыс Еуропа (5,4 миллион көлік) келеді. Өткен жылмен салыстырғанда Жапонияда жаңа автомобильдердің сатылымы 17,5%-ға, 2023 жылғы қаңтар-мамырда 2 млн-ға дейін айтарлықтай өсті. Одан кейін сатылым Шығыс Еуропа, соның ішінде Түркия мен Батыс Еуропада сәйкесінше 16,4% бен 16,3%-ға артқан. Ал көрші Ресейде жағдай керісінше, қаңтар-мамыр айларында тек 225,5 мың жаңа автокөлік сатылды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 26%-ға аз.

Ал бүкіл әлем бойынша бәрінен де Қазақстанның жағдайы жақсы. Өйткені биылғы қаңтар-мамыр айларында 66,3 мың жаңа автокөлік сатылды. Өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіш бірден

65,8%-ға артқан. Мұндай рекорд екінші ай қатарынан тіркеліп келеді. Осы жылдың мамыр айында 14,7 мың жаңа автокөлік сатылған.

Еліміздегі ең танымал жаңа автомобиль брендтері – Chevrolet пен Hyundai отандық зауыттары шығаратын көлік түрлері, олардың сатылымы жалпы көлемнің жартысынан астамын құрайды: тиісінше 17,6 мың және 17,4 мың автомобиль. Сондай-ақ, осы жылы ең танымал брендтердің ондығына бірден 5 «қытай» кірді: Chery (3,4 мың машина), Haval (2,1 мың), Exeed (1,7 мың), Changan (1,6 мың) және Jiac (1,5 мың). Сонымен қатар Toyota (3,2 мың авто) мен Lexus (1,4 мың) та үздіктер қатарынан түсер емес. Ал Қазақстанда құрастырылатын тағы бір бренд – Kia бес айда 9,9 мың жаңа автомобиль сатылымы көрсеткішпен көшбасшылардың үштігін жабады.

Жақында Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр ТМД елдеріндегі Kia корпорациясының президенті Санг Гвон Джонгпен Қазақстан-Корея өнеркәсіптік ынтымақтастығын нығайту мәселелері бойынша кездесті. Кездесу барысында ҚР-

да «Kia Qazaqstan» бірлескен кәсіпорнын құру бойынша құрылтай құжаттарына қол қойылды, ол Қостанай қаласында брендтің жаңа зауытының құрылысына, еліміздегі автоөнеркәсіптің жергілікті орталығының пайда болуына және жаңа форматтағы техникалық мамандарды даярлауға жетекшілік ететін болады.

Инвесторлар жобаға 90 млрд теңге салады. Жаңа Kia зауытында өндірістің толық кезеңі 2025 жылы ашылады деп хабарланды. Оның өндірістік алаңы 85 мың шаршы метрден асады, бұған қоса 1500-ге жуық жұмыс орнын құру жоспарлануда.



«ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ – ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТАҢДАУЫ»

«ТӘРБИЕ ОРТАЛЫҢЫ» ЖҰМЫСЫРҒЫН БАСТАЙТЫНЫ



Достық үйінде 30 тамыз – ҚР Конституция күніне орай «Татулық пен келісім – Қазақстанның таңдауы» тақырыбында семинар өтті.

Шарада «Қоғамдық келісім» КММ директорының орынбасары Дәулет Омаров Конституция қабылданғаннан бергі уақыттағы тарихи өлшемдер біз үшін бүкіл өткен жолды таразылап, ой елегінен өткізуге толық мүмкіндік беретін көзге екенін алға тартты. Ал Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, ф.ғ.к. Аман Абасилов «Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты, басым бағыттары мен өзекті мәселелері» тақырыбында баяндама оқыды.

«Тілдердің қоғамда қызмет етуін заң арқылы реттеу, әдетте, көптілділік ахуалында қажет. Өйткені көптілді мемлекетте қайшылық көбіне-көп тілдер арасындағы өзара қатынастан туындап, саяси лингвистикалық рең алады. Сондықтан әрбір тілдің коммуникативтік жүйедегі орны анықталып, ресми мәртебесі мен қолдану аясы нақтылану қажет. Көптеген елдерде тіл туралы заңдар жасалу дәрежесіне қарай әртүрлі болып келеді. Көп жағдайда заңдар тілдің ресми (мемлекеттік) салалардағы қолданылуын реттеп, жеке өмірдегі тілді таңдауға, жұмыстағы бейресми қатынастарға араласпайды. Зайырлы мемлекеттерде тіл туралы заңдар діни бірлестіктер мен ұйымдарға тарамдайды. Заңдар, әдетте сөз таңдау, сөз формасы, сөзді дыбыстау мәселелерін қозғамайды, бұл заңдардың немесе билік органдарының міндеті емес, лингвистиканың тіл нормаландыру аймағы, «ішкі» тілдік саясат, тіл мәдениетінің мәселесі. Қорыта келгенде, бүгінгі қазақ тілінің жағдайына байланысты мыналарды айтуға болады. Бұл – адамдардың тілді саналы түрде дамыту мүмкіндігін іске қосу деген сөз», – деді ол.

Бұдан бөлек, Қызылорда облысының дін істері басқармасының бас маманы Сәулет Сахиев «Елдегі және аймақтағы конфессияаралық қатынастардың жағдайы» тақырыбында сөз қозғады. «ҚР Конституциясының тарихы және шетел конституцияларымен адам құқықтары жөніндегі салыстырмалы көзқарас» тақырыбына М. Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледжінің экономика және құқық пәнінің оқытушысы Қанат Төрәмуратов шолу жасады.

ЖАТАҚХАНАНЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Сырдария аудандық мәслихатының депутаты, «Жастар рухы» ЖҚ аудандық бөлімшесінің жетекшісі Ақтөре Ибрагимұлы Тереңөзек көніндегі Сырдария аграрлы-техникалық колледжінің жатақханасын аралап, жаңа оқу жылына дайындығын пысықтады.



Мониторинг оқу орнына қарасты ғимараттың дайындығын зерделеу және жатақхананың санитарлық нормаларға сай екенін тексеріп, тұрмыстық жағдайларға сәйкес келмейтін фактілерін анықтау мақсатында ұйымдастырылды.

Жатақхана 68 орынға лайықтандырылған. Бүгінде студенттерді қабылдауға дайын. Мұнда 28 жатын бөлмесі, 1 спорттық зал, 1 мәдени-көпшілік іс-шара өткізетін орын, 1 асхана бар. Сондай-ақ студенттердің денсаулығына байланысты медициналық көмек бөлмесі де жабдықталған. Ғимараттың кіреберісіне, дәліздері мен бөлмелеріне бейнебақылау камералары орнатылған. Осы және басқа да мәліметтермен танысып, студенттердің жатын бөлмелерін, асханасын, спорттық залдағы құрал-жабдықтардың жарамдылығын зерделеген жас депутат бірқатар ұсыныстар да айтты.

Айта кетейік, «Жастар рухы» ЖҚ бастамасымен облыс аумағындағы барлық жатақханаға мониторинг жүргізілуде. Аталған шаралардың қорытындысы қыркүйек айында өтетін Жастарды қолдау жөніндегі өңірлік кеңестің күн тәртібінде қаралатын болады.

КОМЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНЕ МҮМКІНДІК КӨП



Колледждер бәсекеге қабілетті маман даярлауда білім беру бағдарламаларының мазмұны мен оқыту мерзімін дербес анықтайды. Студенттерге еңбек нарығына шығу үшін үш біліктілікке дейін алу мүмкіндігі ұсынылды.

Инженерлік-педагогикалық қызметкерлерді ынталандыру мақсатында басшылар мен олардың орынбасарларына біліктілік санаты үшін лауазымдық жалақысынан 30%-дан 100%-ға дейін материалдық көтермелеу қарастырылған.

Бұдан басқа, осы жылдан бастап 5 жылдан кем емес еңбек өтілі бар, өндірістен тартылған педагогтерге аттестациядан өтпей-ақ «педагог-модератор» біліктілік санаты беріледі және еңбекақысының 30% мөлшерінде қосымша ақы төленеді. 10 жыл өндірістік еңбек өтілі бар педагогтерге еңбекақыға 35% үстемелен сарапшы біліктілігі беріледі.

Еске салайық, 2023 жылдың қыркүйегінен бастап колледж студенттерінің шәкіртақысы 50%-ға, 2024 жылы 100%-ға артады.

Екі жыл қатарынан ел колледждерінде жұмысқа алу міндеттемесімен мақсатты тапсырыс бойынша 10 мың студентті қабылдау жүруде. Сондай-ақ материалды-техникалық базаны жаңарту бойынша да жұмыстар жалғасуда.



Алқалы жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарова, Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов, Оқу-ағарту министрлігі мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры Наталья Жұмаділдаева қатысты. Биылғы тамыз мәслихаты жаңа форматта өтуде. Министрлік ұстанымына сәйкес әр облысқа арнайы тақырыптар белгіленген. Өзге өңірлерден келген 300-ден аса үздік педагог кешеден бері білім беру саласының маңызды мәселелерін талқылады.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өзгерістерге қадам басқан уақытта жас ұрпаққа сапалы білім беруде, тәрбиелеуде ұстаздардың еңбегі ерекше екенін айтып, бала болашағы үшін атқарылған жұмыстарды баяндады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Болашаққа жол сілтейтін мұғалімнің еңбегін лайықты бағалау – өте маңызды міндет» деп атап өтті. Биылғы тамыз кеңесінің «Әділетті Қазақстан: Сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» атауын еншілеуі құндылықтардың бағасы қай

кезде де биік екенін тағы бір дәлелдеді. Себебі адамзатты кемел ойға тек білім ғана жетелейді. Ел Президентінің, Үкіметтің қолдауымен соңғы бір жыл ішінде білім саласына бағытталған қаржы көлемі 260 млрд теңгеге жетті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 20%-ға артық. Осының арқасында саладағы ауқымды жобаларды сәтті жүзеге асырудамыз. Өңірдің 3-6 жастағы балалары 100 пайыз мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылған. Ал 2-6 жастағылар үлесі 88,9 пайызға жетті. Тұрақты қолдау көрсетілгендіктен балабақшалар заманауи бағыттағы IT жобаларды сәтті енгізіп, аймақтың үздік тәжірибесін өзге облыстарға таратуда. Бұл ретте тәрбиешілердің білім деңгейін көтеруге ерекше жағдай жасадық. Жыл көлемінде барлық жеке балабақша тәрбиешілері тегін курстардан өтуде. Біз үшін тәрбиешілердің мемлекеттік немесе жеке балабақшада жұмыс істегені маңызды емес. Олардың біліктілігін арттыруда тең көзқарас ұстанамыз. Өйткені – бала бәрімізге ортақ», – деді аймақ басшысы.

Тамыз кеңесінде баяндамашылар өз салалары бойынша тәжірибелерін бөлісіп, бала тәрбиелеуге қатысты ұсыныстарын ортаға салды. Айта кетейік, биыл Қызылорда облысының білім саласында жағымды жаңалықтар жетерлік. Аймақта мемлекет пен жекеменшіктің әріптестігінің ынтымақтастық аясы кеңейіп келеді. Бүгінде облыстағы 613 балабақшаның 453-і немесе 73%-ы жеке сектордың үлесінде. Мемлекет басшысының

Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында «Әділетті Қазақстан: Сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы педагогтерінің республикалық тамыз конференциясының жалпы пленарлық отырысы өтті.

бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» бағдарламасы шеңберінде құны 86,2 млрд теңге болатын 21 заманауи мектеп салынады. Жаңа білім ордалары 12 мыңнан аса оқушыны қамтиды. Биыл өңірде 10 мектептің іргетасы қаланады. «Білімді қолдау қоры» есебінен Қызылордада қаласында құны 7,9 млрд теңге болатын физика-математика бағытындағы мектеп-интернат құрылысы басталды. Бұған қоса дарынды балаларға арналған жаңа оқу ордасында республикалық физика-математика мектебінің таңдаулы ұстаздары сабақ береді. Аймақта жеке мектептердің де үлесі артауда. Қазірдің өзінде 24 жеке мектеп жұмыс істесе, биыл 7 мектеп ашылады. Қаланың сол жағалауында «Қазі ғермұнай» компаниясының қаржылай қолдауымен 350 орындық заманауи Оқушылар сарайы салынады. Бұл – қосымша білім беру ордасы озық ойлы, өнерге құштар, спортқа бейім дарынды балалардың шамшырағы.

Сондай-ақ ауыл балалары үшін салынған 1400 орындық 4 мектеп (Жаңақорған «Майбекет», Шиелі Байсың, Қазалы Әйтеке би кенті, Қызылорда қаласы «Бәйтерек» шағын ауданы) осы жылы ел игілігіне табысталмақ.

Білім мазмұнын арттыру мақсатында мектептерді заманауи пәндік кабинеттермен жабдықтауға, бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін соңғы үлгідегі бейнекамералар алуға жергілікті бюджеттен 1 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген. Бұған қоса облыста жаңа оқу жылынан бастап «Тәрбие орталығы» жұмысын бастайды деген хабар тарады.



«ҚОҢЫР ӘҢГІМЕ» ЖАСТАРҒА ҒАНА ЕМЕС, БАР ҚАЗАҚҚА КЕРЕК

Облыстық мәдениет және спорт басқармасының қолдауымен бабалар дәстүрін жаңғырту мақсатында «Қоңыр әңгіме» жобасы жүзеге асып келеді. Бұл жолғы «Қоңыр әңгіме» рухани кеші жырау, фольклортанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Алмас Алматовтың қатысуымен өтті. «Достық үйінде» ұйымдастырылған тағылымы мол кешті үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов жүргізді.

Алмас жырау өзінің төл туындысы «Қазына» тарихи дастанының желісін баяндап, кештің көрігін қыздырды. Екі сағатқа созылған кештің әңгімесін сөлт етпей тыңдап, сүбелі сөзге шөл қанып қалды. Басқасы басқа, адамдар бір-біріне жақсы сөзін қимай жүрген мәсінін қонышындай тар заманда мұндай тәлімі зор әңгіме халыққа мол рухани азық сыйлады.

Сахнада «Ақмешіт» ансамблі нәсерлесе күй төгіп, жырау Руслан Ахметов мен Малика Алдамжарова жырдан шашу шашып, Н.Бекежанов атындағы драма театр артистері «Қазына» тарихи дастанындағы Арғынбайға анасының тоқтау айтатын тұсынан үзінді сомдап, кештің ауқымын кеңейте түсті.

– Әдепті әңгіме айту, оны жеткізу – қазақтың қанына сіңген асыл қасиет. Көнекөз қариялардың кеудесіне сыйған қаншама сүбелі сөз, ескі шежіре, есті әңгіме бүтін бір ұлтты тәрбиелейтін рухани ілімнің жиынтығы еді. Бұрын да көп білетін, көп көрген қазына кеуде адамды ел ішінде ерекше қадірлеп, төр ұсынып, төбеге көтеріп отырған. Олардың аузынан төгілетін әрбір әңгімесі, адамды кемелдікке жетелейтін, сана көкжиегін кеңейтетін тәрбие-тағылым еді. Бүгін де Сыр өңірінде бастау алған, қазақтың баға жетпес сөз, шешендік, әңгіме айту өнерін насихаттайтын «Қоңыр әңгіме» жобасы – ізі бар ізгілікті қайта жаңғыртқан ұтымды жоба.

Қазақ «саф өнер саңлаққа ғана қонады» деген жақсы сөз бар. Өке мен ананың тәрбие-тағылымын, отбасы шаңырағының ұлы тәлімін ерте жастан санасына сыйдырып, кеудесіне рухани ілім етіп жинаған, бүгін де абыз ақсақал, жампаз жырау, қоңыр әңгіменің қазынасы, ұстаз Алмас аға Алматов Сырдағы айтулы

жобадан қонақ болды. Жырау шығармашылығынан ойып тұрып орын алатын «Қазына» дастанының әңгіме, шежіре, өлең түрінде баяндап, қалың көрерменнің құлақ құрышын қандырды. Қазақтың сөз өнерін жыр күйінде, қара өлең күйінде, әңгіме-шежіре күйінде, музыкалық мақам-саз күйінде тұтас сақтап, келешекке аманаттап жүрген абыз кеуде Алмас ағамыз бүтін елдің аялы алақанында, көзінің қарашығында болуы тиіс, – деді жырау Күнсұлу Түрікпен.

Жарқын бастамаға қолдау білдіріп, елге керекті жобаларға жан бітіруге көмегін аймайтын аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлына, аймақтың мәдениет пен спорттық тізгінін ұстап отырған жігерлі менеджер Мира Жомартқызына ұйымдастырушылардың айтар алғысы шексіз. Алматыдан арнайы келген қонақ, Қажымұқандай алыптардың лайықты ізбасары Тимур Сыпатайдың да өнеріне тәнті болып, қол соқпаған жан қалмады.

Кеш қорытындысында қоғам қайраткері Сәби Аңсат сахна төріне көтеріліп, халықтың атынан ризашылығын айтып, «Қоңыр әңгіме» рухани кешінің алдағы уақытта да жалғасты болатынына сенім білдірді.

Балаға есім қою – игі дәстүр. Сондай-ақ бұл рәсім әр балаға өмірінде бір-ақ рет жасалатын рәсім. Сондықтан ата-бабаларымыз ежелден-ақ бұл рәсімге атүсті қарамай, аса құрметпен және сақтықпен қараған. Себебі ғалымдардың пікірі мен халық түсінігінде адамның есімі оның болашақ тағдырына тікелей әсер етеді деген сенім бар. Балалар жазушысы Б.Соқпақбаевтың әйгілі «Менің атым Қожа» шығармасындағы бас кейіпкер «Осы менің атымды неге Қожа деп қойды екен?» деп, өз есіміне көңілі толмай, іштей налитыны естеріңізде болар. Әрине «Қожа» деген есім жаман мағына бермесе де, бұл жерде баланың жан дүниесі, кіршіксіз көңілі жатқанын ескеру керек.

Ғалымдарға немесе баланың нағашыларына, тіпті жақсы сыйласатын досына да қойдыруға болады. Ислам дінінде балаға жаман есім қоюға тыйым салынады. Бұл пікірмен психология ғылымы да үндеседі. Себебі, өз есіміне көңілі толмаған бала үнемі іштей өз-өзіне жеккөрінішті сезіммен жүреді. Пессимистік көзқарасты ұстанып, депрессияда жүреді. Өмірден өз орнын табуы қиын болады.


Есімін өзгертуге байланысты айта кететін бір жайт, қазіргі таңда дін жолына бет бұрған кейбір көрсеқызар, әсіредіншілдер жаппай аттарын арабша есімге ауыстыруды үрдіске айналдыра бастады. Мұсылман болу үшін араб болу шарт емес.

Әу баста шыр етіп жарық дүниеге келгенде шексіз қуанып, ата-анасының азан шақыртып қойған әп-әдемі қазақша есімін тәрк етіп, себепсіз оңды-солды өзгерту де құлтарлық емес. Бұл үрдіс әсіресе сахна төрінде жүрген әншілердің, жалпы өнер адамдарының арасында белең алып келе жатқаны байқалады. Ауыл ақсақалдары ақырет жайлы сөз етсе «Қиямет күні әрбір адам өзінің алғашқы қойылған есімімен шақырылады» дейтұғын.

Азан шақырып ат қоюда не мән бар?

Перзенті дүниеге келген үйде жақын ағайын-туысы жиналып, жоралғының жөнін білер лайықты жан сәбиді қолына алып, «Аллаһу әкбар» деп азан шақырып, сәбидің оң құлағына есімін үш рет қайталап айтады. Сондықтан азан шақырып ат қою қазақ халқының мұсылмандық жоралғысының қалыптасу дәстүрі болып кеткен. Әкесі өзі азан шақыра алмайтын болса, имам-молдаларды шақырып, баланың басын құбылаға қаратып, оң құлағына азан, сол құлағына қамат айтып, ата-анасы таңдап қойған есімді «Сенің аты пәленше» деп, үш мәрте айтатын болған. Рәсім аяқталған соң дұға оқылып, туысқандары нәрестеге, оның ата-анасы мен туысқандарына ақ тілектерін айтып, үлкендер батасын берген.

мүшесінің кемістігіне орай соны тілге тиек етіп, адамның атына қосып атау дұрыс емес. Сонымен қатар қазақ халқының тарихында белгілі бір себеппен арнайы ырымдап қоятын есімдер кездеседі. Егер ата-анасының дүниеге келген балалары тұрмай, бірінен соң бірі шетіней берсе, келесі балаға Тұрсынбек, Тұрғанқұл, Тоқтасын, Тоқтар деп немесе әдейі көз тимесін деген ниетпен Итемген, Көтібар деген секілді есімдер де қойған.



ұстанғаннан кейін Алла Тағаланың 99 көркем есімін де балаларына қойған. Алайда оны тікелей қоймайды. Сол Алланың 99 көркем есімдерінің алдына Әбді деген сөзді қосып қояды. Ол (арабша Әбд)

Алланың құлы деген мағынаны білдіреді. Мысалы, Әбдрахман, Әбдірақым, Әбдімәлік, Әбдікәрім, Әбдіжаппар секілді. Кешегі Ресейге бодан болған Кеңес одағының заманында Коммуна, Артельбай, Съезбек, Советбай деген секілді коммунистік идеологияға байланысты есімдер де көптеп қойылғаны белгілі. Сонымен қатар жаппай Андрей, Алеша, Антон, Юрий, Наташа, Маша деген секілді орысша есімдерді қою да сәнге айналды. Алайда ол тарих болып сол заманның еншісінде қалды. Қазіргі уақытта да балаға Анель, Жанель, Анджелина, Макс, Роберт т.б. секілді еуропалықтардың, батыстың есімін қоюды сәнге айналдырып, оны өздерінің дәреже көріп жүргендер бар. Әрбір ұлт өзінің ана тілін, ұлттық салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтаумен ғана ұлт болып қалады.

ЕСІМ ҚОЮҒА ДА ҒЕСТІЛІК КЕРЕК

Сәбиге есім қоюға кімдер лайық?

Балаға ат қоюға құқылы ең бірінші жауапты тұлға – ата-анасы. Әрдайым үлкенді құрметтейтін қазақтың салты бойынша баланың атын көбіне ата-әжесі қояды. Адамгершілік тұрғыдан алғанда бұл үрдіс те дұрыс деп санаймыз. Сондай-ақ өз ортасында сыйлы, қадірлі, елге белгілі өнегелі адамдарға,

Лақап ат адамды келемеждеу, жамандау не болмаса мақтау, құрметтеу үшін қолданылады. Адамды өздері ұнатпайтын, ренжитін лақаптарымен шақыру күнә болады. Сондай лақап атпен кісінің артынан сөйлеу де ғайбатты іске саналады. Қазақ қоғамында көбіне лақап ат адамның істейтін кәсібіне, түр тұлғасына, қадір қасиетіне қарап қойылған. Мысалы, Қаз дауысты Қазыбек би, Айыр тілді Әйтеке би, Қанжығалы Қабанбай батыр, қасапшы Қаржау, етікші Ермек т.б. секілді. Ал адамның дене

Лақап ат адамды келемеждеу, жамандау не болмаса мақтау, құрметтеу үшін қолданылады. Адамды өздері ұнатпайтын, ренжитін лақаптарымен шақыру күнә болады. Сондай лақап атпен кісінің артынан сөйлеу де ғайбатты іске саналады. Қазақ қоғамында көбіне лақап ат адамның істейтін кәсібіне, түр тұлғасына, қадір қасиетіне қарап қойылған. Мысалы, Қаз дауысты Қазыбек би, Айыр тілді Әйтеке би, Қанжығалы Қабанбай батыр, қасапшы Қаржау, етікші Ермек т.б. секілді. Ал адамның дене

Лақап ат адамды келемеждеу, жамандау не болмаса мақтау, құрметтеу үшін қолданылады. Адамды өздері ұнатпайтын, ренжитін лақаптарымен шақыру күнә болады. Сондай лақап атпен кісінің артынан сөйлеу де ғайбатты іске саналады. Қазақ қоғамында көбіне лақап ат адамның істейтін кәсібіне, түр тұлғасына, қадір қасиетіне қарап қойылған. Мысалы, Қаз дауысты Қазыбек би, Айыр тілді Әйтеке би, Қанжығалы Қабанбай батыр, қасапшы Қаржау, етікші Ермек т.б. секілді. Ал адамның дене

ҰСТАЗ СЫРЫ

«Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» – деп француз ойшылы Жан Жак Руссо айтпақшы, ұстаздардың еңбегі ерен. Шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының өрендерін тәрбиелеп шығару екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ұстаз болу – жүрек жылуын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын баланың бойына дарыту. Ұстаз болу – шәкіртке ата-анасындай болып тәрбие сыйлау. Жас ұрпақтың жарқын болашаққа барар жолын айқындап беру. Орыс ойшылы Анатолий Луначарский айтпақшы, «ұстаз – бұл жас ұрпақтың бойына ғасырлар бойы жинақталған барлық асылдарды сіңіруші, ал оларды соқыр сезімдерден, жамандықтардан аулақтатушы адам». Ал қазақтан шыққан қоғам қайраткері, ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынов «мұғалім – мектептің жаны» деп бағалаған. Осыдан-ақ, ұстаз деген – ұлы есім екенін талассыз аңғаруға болады. Себебі, ұстазға деген құрмет бәрінен биік тұрады. Қай заманда болсын, ұстаздарға құрмет жоғары болған. Бүгіннен немесе кешеден ғана ұлы мамандық иелеріне құрмет көрсетіліп келе жатқан жоқ, ықылым заманнан бері ұстаздықтың шоқтығы биік тұр. «Тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді» (әл-Фараби) жандарға ілтипат таныту – адамгершілігінің ілгері басуының бір қадамы. Өйткені, ұстазға құрмет көрсету – білімге құрмет көрсету. Білімді құрметтемеген, ұстазын қадір тұтпаған шәкірттің ғылымда нәтижеге қол жеткізе алмайтындығы, қол жеткізе де, тиісінше кәдеге асыра алмайтындығы қасиетті Құранда да жазылған. Тарихта ақыл-парасаты мол тұлғалардың көпшілігі ұстазына ерекше құрметпен қарап, әрдайым бір ізетпен еске алғаны мәлім. Айталық, Ескендір Зұлқарнайын – Аристотельді, Абылай хан –Төле биді, Шәкәрім – Абайды, Бердақ – Күнқожа, Жамбыл – Сүйінбайды өзіне ақылшы әрі ұстаз тұтқан. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, олар өздерінің өмірде бағындырған зор асуларына ұстаздарының сіңірген еңбегі көп екенін жақсы түсінген. Мәселен, Ескендір Зұлқарнайын өз ұстазын «Мен ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін. Әкемнен өмірді алсам, Аристотельден сол өмірге керектің бәрін алдым» деп еске алатын болған екен. Сондықтан да, ұстазды сыйлау – өмірдегі бір борышың. Ұстазға құрмет – адамзатқа міндет. «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық. Ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегі қазіргі ұстаздардың қолында. Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы – жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуде. Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі – мұғалім.

Көреген Мағжан атамыз бір сөзінде: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі...» – депті. Осы ой бүгінгі күні өзекті мәселе болып тұр. «Мектебімізді таза, берік һәм халықтың жанына үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» деп Мағжан сұрғылт заманның сұрқия саясатынан қаймықпай айтқан екен. «Шүкір» деуге болатын шығар. Қазір елдің барлық жастарын бір тудың астына жинап, дұрыс та айқын даму жолына бастайтын «Жас ұлан» балалар ұйымы бар. Бұл – бүгінгі қоғамның бел ортасында жүріп, жарқын болашаққа қадам

басатын қозғаушы күш. Ал оның қатарында білімді, өнерлі, талапты, болашағынан зор үміт күттірет өрелі жастар бар. Бүгінде олардың саны 1 миллионға жеткен. Елдің әр түкпірінде жүрсе де, оларды бір мақсат, бір тілек байланыстырады. Сондай-ақ жасуландықтар қасиетті қазақ жерінде туып өскендіктен, олардың тәрбиесі, ой-өрісі бірдей деуге болады. Бірақ күн санап зымырап, зулап, құбылып жатқан бүгінгі қоғам тәрбиені де өз ырқына қарай көндіріп, өзгертіп жатқаны анық байқалады. Өркениетке қол созып, шетелдің игілігін аламыз деп жүргенде өзге елдің мәдениеті де, өнері де, жақсы-жаман әдеті де дендеп енді. Ең алдымен, оның бәрін енгізген де, елге жайған да жастар болды. Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл мәселені шешу ұстаздардың қолында. Ұлттық тәрбиенің көздері – фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге-өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары. Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, тытыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, ұлттық адамгершілік,

отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттер, ізгілік сынды сапалық белгілер ұлттық тәрбиенің негізгі бағыттары болады. Иә, ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, бүгінгі қазақ елінің индустриалдық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін жоғары парасатты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу. Білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру болып табылады. Осы айтылған тұжырымды қорытындылай келе, біз алдымен қазақ халық педагогикасының ұрпақ тәрбиесінде ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибелерін зерделей келе, жалпы, адамзаттық рухани құндылықтар мен ұлттық мәдениетке негізделген «жаңа типтегі тіл үйренушілер ұйымының моделін» қалыптастыруымыз қажет деп санаймыз. Мектеп өмірінде ұзақ жылдар бойы қалыптасқан озық тәжірибелердің тиімділігін ескерген ғалымдар педагогикалық еңбектерінің көп бөлігін тәрбие мәселелеріне арнаулы жөн санады. Оның басты себебі – мектеп практикасында тіл үйренушілерге жан-жақты тәрбие берудің осы уақытқа дейін көптеген дәстүрлі әдіс-тәсілдер жиынтығы жинақталғаны белгілі. Ал ұлттық тәрбие мәселесі – адамзат тарихынан өн бойына ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде адамзат өркениеттің өзгеше білігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде де жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұрат болып, Қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтар мен ар тазалығы және тағы басқа қасиеттерді жатқызамыз.

Г.БАЛТАБЕКҚЫЗЫ



«ШАХМАТ НЕГІЗДЕРІ» ЖОБАСЫ КОЛҒА АЛЫНДЫ



2023-2024 оқу жылында «Шахмат негіздері» оқу бағдарламасын сынақтан өткізу жоспарлануда. Осыған орай Астана, Шымкент қалаларында жалпы білім беретін мектеп педагогтеріне арналған «Шахматты оқыту әдістемесі» атты күндізгі оқыту семинарлары өткен.

Оқыту қазақстандық шахмат федерациясымен бастауыш сыныптардың оқу бағдарламасына шахматты кезең-кезеңімен енгізу жөніндегі пилоттық жобаның шеңберінде ұйымдастырылған.

Пилоттық жобаға Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар облыстарынан және Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан, яғни еліміздің 7 аймағынан барлығы 42 мектеп қатысты. «2023-2024 оқу жылында бағдарламаны сынақтан өткізу жоспарлануда. Пилоттық жоба аясында 42 мектеп қазақ тілінде оқытатын бірінші сыныптардың бірінде таңдау бойынша осындай курсты енгізеді деп күтілуде. Қазір бірінші сынып оқушыларына арналған курсты оқытумен айналысатын мұғалімдер қажетті оқытудан өтті. Біз жақсы нәтиже күтеміз. Өйткені, шахматтың балалық шақтағы интеллекттің дамуына оң әсері бұрыннан ғылыми дәлелденген», – деді деріскер Олжас Менғали.

АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНА ЖЕТИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАТЫСАДЫ



Бокстан Азия ойындарына қатысатын Қазақстанның ерлер командасы жасақталды. Олимпic.kz сайтының ақпаратынша Ханчжоуда өтетін (ҚХР) Азия ойындарының медальдары үшін қазақстандық жеті боксшы шайқасады:

Олар: Сәкен Бибосынов (51 келіге дейін), Махмұд Сабырхан (57 келіге дейін), Ертуған Зейнуллинов (63,5 келіге дейін), Асланбек Шымбергенов (71 келіге дейін), Нұрбек Оралбай (80 келіге дейін), Сағындық Тоғамбай (92 келіге дейін), Қамшыбек Қоңқабаев (92 келіден жоғары). Азия ойындары 23 қыркүйек – 8 қазан аралығында өтеді.

АТ БӘЙГЕСІ ӨТТІ



Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округіндегі Сәйткүлтегі Ақшаулы Шал бабаның туғанына 400 жыл толуына орай өтіп жатқан атас ат бәйгесіне жалғасты.

Жан-жақтан кіл мықты шабандоздар бас қосқан бәйге тартысты өтті. Таң сәріден ауыл шетіне жиналған көпшілік ең әуелі тай бәйгесіндегі сәйгүліктердің шабысына күй болды. Мұнан соң құнан, сосын тоқ және аламан бәйгесіне жалғасты. Мәре сызығын бірінші кескен үздік шабандоздар арнайы тағайындалған жүлделерге ие болды.

Айта кетейік, ұйымдастырған бәйгенің жүлде қоры – 150 мың теңге, құнан бәйге – 300 мың теңге, кілем жабылған тай және тай, тоқ бәйге – 1 миллион теңге, тайлақ және кілем, 300 мың теңге болды. Ал басты аламан бәйгенің жүлдесіне 1 миллион 300 мың теңге, 500 мың теңге, кілем жабылған түйе, кілем жабылған тайлақ, 300 мың теңге және 2 тай тігілді.

«Страна Беловодья» (ШҚО) тәлімбағынан шыққан «Тұмар» есімді тазы «Тұқымның үздік өкілі» және «Женевадағы Әлем кубогының жеңімпазы» атақтарына лайық танылды. Осы тәлімбақтан шыққан екінші ит «Вангелия» да бірнеше титулға ие болды.

Қазақстан кинологтары одағындағы ұлттық тазы клубының басшысы Елена Хардина бұл жеңіске 2006 жылдан бері талпынып келе жатқандарын айтады. Менің міндетім –

мықты және сау тазыларды шығару, олармен барлық халықаралық көрмелерге қатысу болды, ондағы мақсат – біздің тұқымды әлемнің әр жерінде көрсету, —дейді ол.

Айтуынша, біздің иттерге Ресейден шығып, Италияда тұрып жатқан тазылар бәсекелес болған. Осы Женевадағы бәсекелестеріміз осал болмады, толқдық. Бірақ, біз жеңдік! Өте қуаныштымыз, себебі тазының отаны – Қазақстаннан шыққан иттер жеңілуі мүмкін емес. Алдағы уақытта да жеңіс тұғырында болуымыз керек. 2016 жылғы Әлем чемпионатында жеңгенбіз, ол кезде беларусьтік тазылармен бәсекелестік, – дейді Е. Хардина.

Кинолог Женевада тазыларға деген қызығушылық жоғары болғанын айтады. Көрмені тамашалауға келгендердің көбі жанымызға келіп, иттер туралы сұрап, фотоға түсіп жатты. Қызығушылық жоғары болды, – деп атап өтті ол.

Айта кетсек, Швейцарияда тұратын қазақстандық

Женева қаласында өткен Әлем чемпионатында қазақтың екі тазысына ең жоғарғы титул берілді.

ҚАЗАҚ ТАЗЫСЫ ЕУРОПА ТӨРІНДЕ



қауымдастық өкілдері делегацияға қолдау білдіру үшін келді.

Сонымен қатар, Қазақстан кинологтары одағы тазы мен төбетті қазақы төлтума ит тұқымдары ретінде FCI-ға тіркетуге өтініш беру құқығын иеленді. Женевада өткен World Dog Show – 2023 байқауында қазақы тазы тұқымдас екі ит жоғары нәтижеге жетті. Тұмар атты тазы «Өз тұқымындағы үздік» және «Женевадағы Әлем кубогының жеңімпазы» атанды. Ал Вангелия Әлем кубогындағы «Үздік ардагер» деп танылды.

Жылдың басты кинологиялық оқиғасына әлемнің әртүрлі елдерінен 20 мың ит қатысқан. 200 ит тұқымының өкілдерін 150 халықаралық төреші бағалады. Женевада өткен 2023 жылғы Дүниежүзілік иттер көрмесіне қазақтың 2 құмай тазысы


әкелінген. Олар 9 мың шақырымдай жолды артқа тастаған. Телеарнаның хабарлауынша, Тұмар мен Вангелия Халықаралық кинологиялық федерацияның мұрындық болуымен өткен жарыстар сериясына алғаш рет қатысты. Осы ұйымның жақында өткен жалпы ассамблеясы барысында Қазақстан кинологтар одағы FCI-дің толыққанды мүшесі болды. Бұл тазы мен төбеттердің кез келген халықаралық жарыстарға қатысуына жол ашады.

Қазақстанда Астана-Түркістан бағыты бойынша «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесінің екінші маусымы өтеді.

Жоба 6 қыркүйекте сағат 14.00-де Қаражар (Ильинка) ауылында бастау алады. Осы шара қарсаңында – 5 қыркүйекте елордадағы «Қазанат» ипподромында 18.00-де республикалық ұлттық спорт түрлерінің фестивалі аясында жорықтың тұсаукесері өтеді. Ұзындығы 1300 шақырым болатын маршрут Ақмола, Қарағанды, Ұлытау, Қызылорда және Түркістан облыстарын басып өтіп, 19 қыркүйекте Түркістан қаласында өз мәресіне жетеді. Марафон 14 бөлікке (бірінші және соңғы күні 50 шақырымнан, қалған күндері 100 шақырымнан) бөлінген.

Жобаның жүлде қоры демеушілердің есебінен 65 млн теңгені құрайды. Жеңімпаз команда 30 млн теңге, екінші орын иегерлері – 20 млн теңге, қола жүлдегерлер – 15 млн теңге алады.

Марафон жұмысына 2



астам қаралым жинады. Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов министрліктің ұлттық құндылықтарды дамыту бойынша белсенді жұмыс

ілгерілету бойынша белсенді жұмыс істеп жатыр. Олармен айналысатын адамдардың

«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ» БАСТАЛАДЫ

халықаралық, 2 қазақстандық судья және 2 халықаралық, 3 қазақстандық ветеринар шақырылды.

Жобаны республикалық «JORYQ» ат спорты федерациясы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің, «Аманат» партиясының, ҚР Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының қолдауымен жүзеге асырады.

Биыл жоба екінші рет өтеді. Өткен жылы Маңғыстау облысының құрама командасы бәйге марафонының жеңімпазы атанды, Жетісу облысының спортшылары екінші орын, Түркістан облысының құрамасы үшінші орынды иеленді. Жоба YouTube-те 5 миллионнан астам және TikTok-та 30 миллионнан

жасап жатқанын атап өтті. «Ұлы дала жорығы» марафонының мақсаты қарапайым. Бұл – бірегей ұлттық бренд құру, дәстүрлі ат спортын, атап айтқанда, қазақтың «қазанат» жылқы тұқымын танымал ету. Мұндай жарыстар БАӘ, АҚШ, Испания, Франция, Ұлыбритания, Германия, Канада және Австралия сияқты елдерде Халықаралық ат спорты федерациясының (FEI) қамқорлығымен үнемі өткізіліп тұрады. Сондықтан жобамыздың халықаралық деңгейде ауқымды оқиғаға айналуға мүмкіндігі бар. Ұлттық ат спорты – мәдениетіміз бен болмысымыздың маңызды бөлігі. Министрлік ұлттық құндылықтарды дамыту және

саны артып келеді. Елорда қонақтары мен тұрғындарын «Ұлы дала жорығы» ашылу салтанатына қатысуға және оған қатысушыларды қолдауға шақырамын», – дейді министр. Естеріңізге сала кетейік, келесі жылы Қазақстан V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізеді. Мемлекет басшысы оны жоғары деңгейде ұйымдастыруды тапсырды. Алдағы жарыс, еліміздің инфрақұрылымының көшпенділер ойындарына да, басқа да болашақ жарыстарға дайындығын тексеруге тамаша мүмкіндік болмақ. Ведомство басшысының айтуынша, министрлік ұлттық құндылықтарды дамытуды жалғастырады.

Бетті дайындаған Еркін ШАМШАДИН



Тың ой мен жаңа дизайнды үйлестірудің үрдісі үзілгенде сән саласының салтанаты кетеді. Жаңару мен жаңғырудың кезеңінде ұлттық киімнің ұмыт болмай, әшекей бұйымның да заманға сай әрленуі қандай ғажап! Аймақта колөнердің құндылығын айшықтап жүрген Аида Керімқұлованың еңбегі зор. Ол – ұлттық нақыш пен нышанды назарға алып, тарихпен безбендеп жүрген маман.



Әткенде Үлкендер

«Айбике ару»

«Ұлжан»

ұлттық өнерді ұлықтап, қазақы нақышқа нұқсан келтірмей түрлендіру болды. Он екі жыл ішінде халықтың сұранысын қамтып, тапсырысын орындап келеміз. Сондықтан әрбір тұтынушының ықыласы мен жылы лебізі өлшеусіз еңбегімізге берілген баға деп білемін. Негізгі кәсіп ашуда жүрек пен түйсікті тірек ету маңызды. Сонда ғана бастама берекелі, іс нәтижелі болады. Әйтпесе әріден пайданы ойлап, қалтаға түсетін ақшаны есептегеннен кәсіптің дөңгелеуі екіталай. Мақсаттың мүлтіксіз орындалуы үшін тер төгу керек.

– Орталық «Ұлжан», «Айбике ару» сынды образдармен ерекшеленеді. Мұндай образдарды жинақтауда идея қайдан туындады?

– Бұл образдар – жүректен шыққан идея. Қазақы дүниеге деген сүйіспеншілік. Болмыс бояуы бозаң тартпасы үшін туындаған тың ой. Әрбір дизайн мен образда зор ізденіс, эстетикалық талғам жатыр.

Қазіргі таңда өзгенің идеясын иемденіп, «ою» екен деп әр киімге жабыстыра беру белең алған. Меніңше бұл дұрыс емес. Өзгенің еңбегін ұрламай, терең ізденісті тоқтатпау керек. Мәселен ою таңдау сауаттылығы бар. Ол үшін ою кітабымен, Әбілхан Қастеевтің және дарынды суретшілердің еңбектерімен танысу қажет. Яғни оқу мен өзіндік зерттеудің орны бөлек. Сонда ғана жетістікке жетуге мүмкіндік мол. Әйтпесе азғантай біліммен «жаңалық аштым» деу дағдарысқа ұшырататыны анық.

– «Sara ka» – халыққа түрлі қызмет көрсетеді, әр тауары да ерекше. Осы уақытқа дейін шетелден сұраныс түсті ме?

– Әрине, өзге елден қызығушылық танытатындар бар. Тек көп мөлшерде тікпеймін, жеке сұраныс бойынша тапсырысын орындауға тырысамын. Сондай-ақ, ерте аяқтап, 1-2 ай бұрын салып жіберемін. Жеткізудің өзіне ұзақ уақыт кетеді. Әсіресе, Иордания қазақтары әр наурызда ұлттық киім мен киіз үй жабдықтарына тапсырыс береді. Сонымен қатар Түркия, Германия, АҚШ-та шағын орталықтарым бар. Жалпы көрме мен байқауға жиі қатысамыз, жеткен жетістігіміз де аз емес. Дегенмен оның бәрін дерлік жария еткіміз келмейді. Негізгі өнеркәсіп саласын өркендетіп, өнімді экспорттау үшін кәсіпкерлерге тұрақтылық пен жұмыла жұмыс істеу керек. Сол уақытта ілгері жылжуда іркіліс байқалмайтын болады.

– Қазақ даласының өмірін көз алдыға әкелетін «этно-ауыл»

мәдени кешенінің жұмысы жайында айтсаңыз...

– Этно формат көріністі Досан ауылындағы 5 га жерге ұйымдастырдық. Қаланың қарбалас тірлігінен қажып, жан тыныштығын сезінуге әдемі мүмкіндік. Мұнда бас қосып жиналып, ұлттық фотосессия жасауға болады. Ең бастысы табиғаттың денсаулыққа тигізетін пайдасын дәріптеу. Яғни, дцп, аутизммен ауыратын балаларға дем салу, табиғатпен емдеудің тәсілін қарастыруға көңіл бөлмекіз. Жуырда құран жаттайтын жасөспірімдерге орталық ашпақпын. Түптеп келгенде дін мен дәстүр тамырлас ұғым. Сондықтан оған бөліп қарамай, теңгерімін сақтау маңызды. Ниетіміз – қазақша үндестікпен байланысты үзбеу.

– Сән саласында жаңашылдық жайлы көп айтылады. Бір-бірімен үйлестіру, жамап-жабыстыру тәсілі көп. Бұл ұлттық киімнің негізгі үлгісін жойып жібермей ме?

– «Замануи үлгімен ұштас-тырамын, Еуропаның стилімен коллаборация жасаймын» деп болмысты бүлдіру бекер. Қысқасы артық қылам деп тыртық қылуға болмайды. Өткеннің өнегесін сақтап, тарихты зерттеу керек. Тарихты зерделегеннен кейін ғана жаңашылдыққа иек артқан жөн. Өйткені жаңалаудың да, үйлестірудің де өз жөні бар.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Замира ДАСТАНҚЫЗЫ

– Бүгінде «Sara ka» киіміне сұраныс көп, қызығушылық жоғары. Талғам мен таңдаудан шығудың басты белгісі неде?

– Жеңіл өнеркәсіп орталығы 2011 жылы құрылды. Мақсатым –

ЖҰЛДЫЗ ЖОРАМАЛ

(30 тамыз – 6 қыркүйек)

Тоқты

Белсенді болыңыз. Бұл аптада алға қойған мақсатқа жетуге жұлдыздар септеседі. Бойыңызда тың күш пайда болады. Ал егер алдағы демалысты тиімді пайдаланғыңыз келсе, аздап еркінсуге рұқсат.

Торпақ

Сіз үшін ең жайлы апта болғалы тұр. Түйсігіңізді көбірек тыңдаңыз. Ол сізге кімнің дос, кімнің дұшпан екенін айқын білдіреді. Қосымша табыс табу үшін барыңызды салыңыз.

Егіздер

Жанын салып, асқан қызығушылықпен жұмыс жасауға әдеттенгендер үшін сәтті апта. Жетістік пен мол табысқа кенелу мүмкіндігі жоғары.

Шаян

Сәтсіздіктер кезеңі артта қалды. Қай істі қолға алсаңыз да, сәттілікпен қуантады. Бойыңызды шығармашылық энергия кернейді. Дәл осы сәтті тиімді пайдаланып, жаңа нәрсені үйреніп, таным көкжиегіңізді кеңейтіңіз.

Арыстан

Айналаңызда тыныштық орнатыңыз. Себебі, бұл аптада сізге жұмсалған қуаттың орнын толтыру қажет. Мүмкін болса, мойныңызға көп міндет алмаңыз.

Бикеш

Ойға алған шаруалар мен мақсаттарды жүзеге асыруға батыл кірісіңіз. Бұл жолда әріптестерден көмек сұрап, қол ұшын созғандарды кері итермеңіз. Өсек-аяңға мән бермеңіз, ол сізге жеткенге дейін мың құбылған болуы әбден мүмкін.

Таразы

Бірнеше істі мойынға қатар іліп алмаңыз. Өзіңіз үшін ең маңыздысын анықтап, сонымен ғана жұмыс істеңіз. Қызметтегі белсенділік – бұл мақтауға

тұрарлық, әрине. Әйткенмен, денсаулық маңыздырақ. Сондықтан, шаруаларды аздап кідірітіп, денсаулығыңызға мән беріңіз.

Сарышаян

Табиғат аясында сейіп құрып, сапарға шықсаңыз, сәттілікке кезігесіз. Шығыны да аз болады. Қосымша табыс түскелі тұр. Қолыңызға тисе, өзіңіз бен жақындарыңызды қуантуға жұмсаңыз.

Мерген

Шиеленіскен мәселенің бір ұшығы қолыңызға ілігеді. Сәтін жіберіп алмаңыз. Көптен күткен қаржы қалтаңызға түседі.

Тауешкі

Алдағы аптада кез келген жағдайда барынша сабырлық сақтауға тырысыңыз. Сізді арандатқысы келген, сол арқылы абыройыңызға нұқсан келтіруді қалайтындардың құрығына ілінбеңіз.

Сукүйғыш

Пайдасы тиетін ықпалды таныстармен қарым-қатынасыңызды жақсартыңыз. Сонда мансап баспалдағымен көтерілу мүмкіндігі туады. Әріптестер арасындағы абыройыңызға да оң әсерін тигізеді.

Балықтар

Дәл қазір сізге ең керекі – бойыңызды босаңсытып, тынығу. Жеке өмірде орын алатын кез келген тосынсыяға іштей дайын жүріңіз. Ойыңызда көптеген жақсы идеялар туындайды. Табыс пен нәтижеге жетесіз.

«Кәсіпкерді дамытуға Instagram көмектесті»

Кез келген үйден, кеңседен көзге ерекше түсетін жиһазды кездестіріп жүрміз. Бұл тұрғындардың таңдауы әжептәуір түрленгенін аңғартады. Расында, жиһаз үйдегі кейбір ұсақ-түйек заттардың бәрін жинап қоюға да ығайлы әрі әрбір үйдің сәнін келтіреді. Ал оның қыр-сырын түсінбейтіндерге ол кәдімгі тақтай болып көрінуі мүмкін. Дегенмен де оның қиын келістіріп, әдемі дүние етіп шығару оңай емес. Оны кезекті кейіпкеріміз, шебер Мақсат Таев тарқатады.

Қызылордалық кәсіпкердің еңбегін жоғары бағалайтындар көп. Instagram әлеуметтік желісіндегі пікірлер сөзімізге дәлел.

«Біз жиһаз жасаумен біраздан бері айналысып келеміз. Көбіне тапсырысты Instagram арқылы қабылдаймыз. Баға сапаға қарай жүреді. Тұтынушының қалтасына ауыр болмауын қадағалаймыз. Өнімнің түсіне, дизайн жағына аса мән береміз», – дейді ол.

Мақсат жас кезінен ағаш ою, қазақтың ұлттық музыкалық аспабы – домбыра мен басқа да интерьер бұйымдарын жасауға құмар болған.

Уақыт өте ағаш кесуге арналған заманауи жабдық сатып алып, осы бағытта бизнесін дамытпақ болады.

Дегенмен жинаған қаражатына ағаш өңдеу жабдығын сатып алып, өндірісті қолға алды. Беларусь, Италияда компанияларында жұмыс істеген, осы салада білімі мен тәжірибесі мол досы өз тәжірибесімен бөліскен екен. Осылайша, 2020 жылы кәсіпкер жеке кәсіпкерлік нысанын тіркейді.

«Кәсіп ашудағы негізгі бағытым мүлде басқа еді. Досымның кеңесі бойынша жиһаз жасауды қолға алуды бастадық. Ол білгенін үйретіп, маған қолғабыс болды. Уақыт өте әртүрлі дизайнға жиһаз жасау мақсатыма айналды», – дейді кәсіпкер.

Кәсіпкердің клиенттер қатары күннен күнге көбейіп, өнімдеріне де сұраныс артқан. Қазір компания тапсырыс бойынша кез келген күрделі жиһазды жасайды. Бағасы жиһаз түріне, дизайнына, дайындау күрделілігіне және мерзіміне байланысты өзгеріп отырады. Өткен жылы Мақсат «Ұлттық жоба» бағдарламасы аясында ForteBank-тен жеңіл несие алған. Ол қаражат жиһаз цехына арналған қойма және арнайы жабдық сатып алуға жұмсалған.

Орыс жазушысы Борис Акунин «Жан баласы сүйікті ісімен айналысса ғана жұмыс істейтіндер қатарына жатпайды. Өйткені, өзіне ұнайтын кәсіппен айналысқан адам шығармашылықпен айналысады» деген. Шебар Мақсат та кәсібін жұмыс деп емес, жан қалауы, сүйікті ісі деп біледі.

Мөлдір САБЫРЖАН



АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
Тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6931
Тапсырыс: 1365